

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЕТТІ БАҒЫТТАҒЫ ҚАЛМАҚ ТҰҚЫМДЫ  
ЖАС МАЛДАРЫНЫҢ ӨСІП-ЖЕТІЛУІ

*Мирзакулов С. М., Кулманова Г.А., Маулен А.М.,  
КЕАҚ «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті», Алматы қ.,  
Қазақстан, aizhan.maulen@ yandex.kz*

*Аңдатпа. Бұл мақалада Алматы облысындағы етті бағыттағы қалмақ тұқымды жас малдарының өсіп-жетілуі көрсетілген. Қалмақ тұқымды ірі қарамалының тірілей салмағының динамикасы; Қалмақ тұқымының тірі салмағының және олардың өсу қарқынының өзгеруі. Өсіру кезеңінде ең жоғары орташа тәуліктік салмақ өсімі жас бұқаларда – 6 айға дейін – 893 г, ал тайыншаларда – 9-12 айлығында – 627,5 г болды. Орта есеппен 18 айға дейін орташа тәуліктік салмақ өсімі бұқалар үшін 751,9 г, ал саулықтар 625,7 г құрады*

Кіріспе. Еліміздегі мал шаруашылығында ірі қарамалдың алатын орны ерекше. Халық шаруашылығы табысының жартысына жуығы мал шаруашылығынан келеді.

Ірі қарамалы – ет, сүт және сүт өнімдері (айран, май, құрт, ірімшік және т.б.) және жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар ірі қарамал шаруашылығы органикалық тыңайтқыш – көң береді [1].

Қазақстанда сиыр етін өндіру осыдан 25 жыл бұрынғы деңгейге әлі жеткен жоқ. 1990 жылы елімізде 1,6 миллион тонна мал еті сойылған болса, соның 45 пайызын ірі қарамал етінің үлесі құрады. 2010 жылы бұл көрсеткіш 700 мың тонна болды, оның ішінде ірі қарамал етінің мөлшері 50% құрады. Қазіргі уақытта ірі қарамал етін өндіруді арттыру бұрынғысынша сүтті және сүтті-етті бағыттағы тұқымдарын пайдалануға негізделген.

Қазақстанда етті бағыттағы ірі қарамалының 6 тұқымы бар. Бұл қазақтың ақбас сиыры, әуликөл, санта-гертруда, «Жетісу» инбридингі, галловей, герефорд және қалмақ сиырлары [2].

Бүгінгі таңда қалмақ тұқымы ең жақсы етті бағыттағы тұқым болып табылады. Ірі қарамалының бұл тұқымы тек қатаң климаттық аймақтарда ұстауға арналған, бірақ қалыпты ауа-райында күтім жасау оңай. Оның ата-бабалары жабайы сиырлар болғандықтан, еуропалық ірі қарамалдарынан ерекшеленеді. Мұндай малдарды үйде ұстау және өсіру өте қарапайым және тиімді жұмыс болып есептеледі.

Қалмақ сиырларының құрамы Төменгі Еділ бойының, Солтүстік Кавказдың, Сібірдің және Қазақстан тұқымдарымен ұсынылған.

Аталған бұл тұқымдардың тірі салмақтары әртүрлі. Сиыр етінің екі негізгі түрлері сипатталады: кеш жетілетін сиыр еті және алдын ала дайындалған сиыр еті болып.

Ерте жетілетін тұқымдардың тірі салмағы ерте жетілетін түрлеріне (тип) қарағанда төмен, сүйектері жеңіл және жұқа терілерімен ерекшеленеді.

Қалмақ тұқымы – етті бағыттағы ірі қарамал тұқымы. Ол XVI-XVII ғасырларда пайда болған. Қазіргі Моңғолияда табиғи жайылым арқылы, ұзақ мерзімді көшпелі жергілікті мал шаруашылығы жағдайында, жайылымдық жерлерді ғана пайдаланады. Катан даласының климатына жақсы бейімделген. Түсі қызыл, тұяқтары мықты, бұлшықеттері жақсы дамыған. Терісі қалың, майлы, сол себептен маса ауруларының таралуына төзімді келеді. Мүйіздері орақ тәрізді, ұшы үшкір, ішке қарай иілген. Шоқтығының биіктігі 122, кеуде орамы 169, сирақ орамы 18 см. Бұқалардың тірі салмағы 800-850 кг, сиырлары 350-550 кг, күтімі жақсы 18 айлық бұқалар 450-500 кг тартады. Соыс шығымы 60-65% құрайды. Ұшадағы майды біркелкі жинайды. Еті дәмді келеді. Орта есеппен жылына 650 – 1000 кг сүт алынады, сүттің майлылығы 4,2 – 4,4%. Таза қалмақ сиырлары Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Жамбыл атындағы асыл тұқымды мал шаруашылығында, Ақтөбе облысы жемшөп ғылыми-зерттеу зертханасының «Жұрын» тәжірибе станциясында өсіріледі [3].

Етті бағыттағы мал шаруашылығында төлдің өсу және даму қарқыны асылтұқымды жұмыстағы маңызды белгілердің бірі болып табылады, өйткені ол ет өнімділігін анықтайды және негізгі асылтұқымды қасиет болып табылады.

Зерттеу нәтижелері Тәжірибе жүргізілген кездегі азықтандыру деңгейі жануарлардың жоғары өсу қарқынын және жемнің көбеюіне байланысты олардың өтелуін едәуір дәрежеде қамтамасыз етті. Салыстырмалы топтардың жас жануарлары бірдей паратиптік жағдайда болғанымен, олардың өсу қарқыны мен даму көрсеткіштері арқылы қоршаған орта факторларына әртүрлі әсер етті.

Сиыр етінің сапасы мал шаруашылығы процесінде қалыптасады, ал одан әрі сапасы тасымалдау, сояр алдындағы күтім, сою, өңдеу және сақтау жағдайларына байланысты. Ірі қара малдың сою контингентіне бордақыланған жас малдар (бұзаулар мен аналықтар), жарамсыз деп танылған бұқалар мен сиырлар жатады. Сиыр етін өндіретін елдерде бұқалар мен сиыр етінің 50% өңделген сиыр етінен өндіріледі. Алайда олардың етінің сапасы төмен болады. Осыған байланысты мұндай ет өңдеуге жіберіледі. Етті бағыттағы ірі қарамалы дамыған АҚШ-та союға арналған бордақыланған жас малдың үлесі 80%-ға жетеді. 1-ші кестеде «Асыл Тұяқ» ЖШС-де өсірілетін ірі қарамалдың тірілей салмағы көрсетілген.

Алынған мәліметтерден еркек және ұрғашы жынысындағы малдардың дене салмағының өсу динамикасы әртүрлі екенін көруге болады. Еркек бұзаулар туылғанда 20,5 кг, ал есейген кезде, яғни 18 айда 442,9 кг-ға жетті.

Құнажындар туылғанда 19,0 кг, 18 айында 370,4 кг болды. Малдардағы салмақ қосу жылдамдығының айтарлықтай айырмашылығы жынысына

байланысты. Малдардың 6 айлық өсімінен бастап нормадан жоғары болды (кесте 1).

Кесте 1 – Қалмақ тұқымды ірі қарамалының тірілей салмағының динамикасы, кг ( $X \pm m$ )

Жасы, айы	Стандарты бойынша	Шаруашылықта	$\pm$
Бұқашықтар (n=10 бас)			
Туылғанда	23	20,5±0,35	-2,5
6	180	181,3±1,70	+1,3
8	220	223,4±3,31	+3,4
12	320	321,8±4,82	+1,8
15	380	383,5±8,1	+3,5
18	440	442,9±9,25	+2,9
Тайыншалар (n=10 бас)			
Туылғанда	22	19,0±0,37	-3
6	160	162,0±1,75	+2
8	200	203,1±3,31	+3,1
12	275	278,4±4,81	+3,4
15	325	327,2±8,3	+2,2
18	365	370,4±9,20	+5,4
<i>Ескерту: ЖШС «Асыл Тұяқ»</i>			

Көптеген дамыған елдер үшін аграрлық саясаттың қазіргі міндеттері ет өндірісін сақтауға, оның түрлері мен өңдеу дәрежесін жақсартуға, сапасын арттыруға бағытталған. Бұл ет сапасын үздіксіз жақсартуға, ет өндірушілер мен өңдеушілерге тұтынушылардың күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Ұрпақтардың өсу және даму қарқынын зерттеу мақсатында «Асыл Тұяқ» ЖШС шаруашылығында өсірілген жас бұқалар мен құнажындардың тірі салмағының өзгеруіне талдау жасалды (кесте 2).

Өсу қарқынын талдау ұрпақтың өнімділігі айтарлықтай жоғары екенін және азықтандырудың қолайлы жылдарындағы тұқымдық нормаға толық сәйкес келетінін көрсетті.

Өсіру кезеңінде ең жоғары орташа тәуліктік салмақ өсімі жас бұқаларда – 6 айға дейін – 893 г, ал тайыншаларда – 9-12 айлығында – 627,5 г болды. Орта есеппен 18 айға дейін орташа тәуліктік салмақ өсімі бұқалар үшін 751,9 г, ал саулықтар 625,7 г құрады.

Қорытынды Эртүрлі жыныстағы және жастағы малдардың дене салмағының өсу динамикасы әртүрлі болып келеді. Еркек бұзаулар туылғанда 20,5 кг, ал есейген кезде яғни 18 айда 442,9 кг-ға жетті. Ұрғашы бұзаулар

туылғанда 19,0 кг, 18 айында 370,4 кг болды. Малдардағы салмақ қосу жылдамдығының айтарлықтай айырмашылығы жынысына байланысты.

Кесте 2 – Қалмақ тұқымының тірі салмағының және олардың өсу қарқынының өзгеруі ( $X \pm m_x$ )

Жасы, айы	Жасы бойынша орташа тірі салмағы, кг	Тәуліктік салмақ қосуы, г
Бұқашықтар (n=10 бас)		
Туылғанда	20,5±0,35	-
6	181,3±1,70	893±71,51
8	223,4±3,31	701,6±44,32
12	321,8±4,82	820±75,81
15	383,5±8,1	685±64,23
18	442,9±9,25	660±82,20
Тайыншалар (n=10 бас)		
Туылғанда	19,0±0,37	-
6	162,0±1,75	794±74,30
8	203,1±3,31	685± 38,81
12	278,4±4,81	627,5±37,7
15	327,2±8,3	542,2±68,51
18	370,4±9,20	480±78,2
<i>Ескерту: ЖШС «Асыл Тұяқ»</i>		

Малдардың 6 айлық өсімінен бастап нормадан жоғары болды. Өсіру кезеңінде ең жоғары орташа тәуліктік салмақ өсімі жас бұқаларда – 6 айға дейін – 893 г, ал тайыншаларда – 9-12 айлығында – 627,5 г болды. Орта есеппен 18 айға дейін орташа тәуліктік салмақ өсімі бұқалар үшін 751,9 г, ал саулықтар 625,7 г құрады.

Осыған орай бұқашықтарды күзге қарай енесінен ажыратқаннан кейін 12 айлығына дейін, тірілей салмағы 400 кг және одан да көпке дейін жеткізіп, бордақылау шаралары ұсынылады. Бұл ретте сиыр етін өндірудің жоғары тиімділігі қамтамасыз етіледі.

Әдебиет:

1. Ірі қара мал шаруашылығының кәзіргі жағдайы және... [faviconansya.ru/health/1-dris-kirispe-iri...](http://faviconansya.ru/health/1-dris-kirispe-iri...)

2. Мусабеков А.Т., Сураншиев Ж.А., Баймұрат Д.Б., Альмуханов С. Қазақстанда етті ірі қара шаруашылығының дамуы. Астана [faviconrusnauka.com](http://faviconrusnauka.com)»41\_PWSN\_2014/Agricole..

3. Антал Я., Благо Р., Булла Я., Сокол Я.; перев. Птак Е.И. *Выращивание молодняка крупного рогатого скота.* - М: Агропромиздат - 1986. - с. 5 .

4. Айсанов З. Подбор быка - производителя к стаду - Молочное и мясное скотоводство. - 1996. - №6-7. - с. 26 - 27.

5. Қалмақ сиыры. Favicon [kk.wikipedia.org/wiki](http://kk.wikipedia.org/wiki)